ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҒҰМАРБЕК ДАУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Телекоммуникациялық желілер және жүйелер кафедрасы

«ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ»
Кафедра меңгерушісі PHD доцент Темырканова Э.К.
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____2020ж.
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Алматы 1 станциясында қолдану үшін TDMA ұялы байланыс желілерінің параметрлерін есептеу_____
Мамандығы:5В071900 Радиотехника,электроника және телекоммуникациялар
Орындаған: Гадилбеков Жасулан Ерланович Тобы: РЭТ(МТС)ук-17-1
(Т.А.Ж.)
Ғылыми жетекшісі: ф.м.ғ.д, доцент Касимов Абдуразак Оразгелдиевич
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
Кеңесшілер:
экономикалық бөлім бойынша:
доцент Тузелбаев Бакберген Ибадиллаевич
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____2020ж.
(қолы)
өміртіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
доцент Жандаулетова Фарида Рустембековна
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____2020ж.
(қолы)
есептеу техникасын қолдану бойынша:
ф.м.ғ.к. доцент Касимов Абдуразак Оразгелдиевич
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____2020ж.
(қолы)
Нормобақылаушы:
аға оқытушы, Накисбекова Балауса Рыскожаевна
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____2020ж.
(қолы)
Пікір беруші: _____
(ғылыми дәрежесі, атағы, Т.А.Ж.)
_____ «____» _____2020ж.
(қолы)

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҒҰМАРБЕК ДАУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ғарыш инженериясы және телекоммуникациялар институты
Телекоммуникациялық жүйелер және желілер кафедрасы
5В071900–Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығы

Дипломдық жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент: Гадилбеков Жасулан Ерланович
(Т.А.Ж.)

Жобаның тақырыбы: Алматы 1 станциясында қолдану үшін TDMA ұялы байланыс желілерінің параметрлерін есептеу

«_11_» _11_ 2019 ж. № 147 университет бұйрығымен бекітілді.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «_____»_____2020 ж.

Жобаға алғашқы деректер (талап етілетін зерттеу (жоба) нәтижелерінің параметрлері және зерттеу нысанының алғашқы деректері):
Радиоинтерфейстегі кідіріс 1 мс-қа дейін
«нүкте-нүкте» кідірісі (қабылдаушы құрылғысынан желі ядросына дейін) 10 мс –қа дейін
Қосылу тығыздығы 100х (4G LTE) стардантына қарай салыстыру
Қамту аймағына қатысты өткізу қабілійеттілігі 1 (Тбит/с)/км^2
Бір секторға сәйкес келетін спектралдық тығыздық 10 (бит/с)/Гц/сектор
Төменгі байланыс арнасынан таралатын максимум жылдамдық 10 Гбит/с

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс мәселелер тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:
Кіріспе
1. Жеке жылжымалы радиобайланыс
2. Байланыс техникасындағы өлшеулер әдістемесі
3. Қолданыстағы технологияларға шолу
4. Өлшеулерді жүргізуге ұсынылатын әдістер
5. Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі
6. Экономикалық есертеулер және жоспар
Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

Графикалық материалдардың (міндетті түрде дайындалатын сызбаларды көрсету) тізімі:

Нысанаға өлшеу жүргізу техникаларына шолу

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы

Қазақстанда GSM байланыс тарихы

Байланыс техникасындағы өлшеулер әдістемесі

Еліміздің темір жол саласында GSM R стандартты желі құру принципін қарастыру

TDMA кадрларының құрылымы

TDMA цикліндегі қорғаныс аралықтары

Өлшеулерді жүргізуге ұсынылатын әдістер

Электроқанықтыру базалық станциясының есептелуі

Ұялы байланыс желісінің сенімділігін есептеу

Трасса шығындарын есептеу және қуат балансын анықтау

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер:

1. Шахнович, И.В. Современные технологии беспроводной связи / И.В. Шахнович. - М.: ТЕХНОСФЕРА, 2006. - 288 с.

2. Ветошкина, Г.Н. Надежность технических систем и техногенный риск / Г.Н. Ветошкина. - Пенза: ПГУАиС, 2003. - 258 с.

3. Жандаулетова, Ф. Р. Охрана труда : учебник для вузов / Ф.Р. Жандаулетова, Т.Е. Хакимжанов, Т.С. Санатова; МОН РК, НАО АУЭС. - Алматы : АУЭС, 2019. - 399 с.

4. Базылов К.Б., Алибаева С.А., Бабич А.А. Методическиеуказания для выполнения экономической части выпускной работы. –Алматы: 2009. –19 с

Жоба бойынша жобаның бөлімдеріне қатысты белгіленген кеңесшілер

Бөлімдері	Кеңесшілері	Мерзімі	Қолы
Экономика	Тузелбаев Б.И.	20.04.2020ж	
Ө.Т.Қ.Н.	Жандаулетова Ф.Р.	13.04.2020ж	
Негізгі бөлім	Касимов А.О.	03.03.2020ж	
Есептеу техникасы	Касимов А.О.	12.04.2020ж	
Нормабақылаушы	Накисбекова Б.Р.	10.06.2020ж	

Диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, әзірленетін мәселелердің тізімі	Ғылымижетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1. Кіріспе	10.02. 2020ж.	
2. Нысанаға өлшеу жүргізу техникаларына шолу	10.02. 2020ж.	
3. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы	10.02. 2020ж.	
4. Байланыс техникасындағы өлшеулер әдістемесі	10.04. 2020ж.	
5. GSM жүйесінің архитектурасы	10.04. 2020ж.	
6. Өлшеулерді жүргізуге ұсынылатын әдістер	10.04. 2020ж.	
7. Ұялы желісінің сапалы параметрлерін есептеу және трафиктегі арна санын анықтау	10.04. 2020ж.	
8. Электроқанықтыру базалық станциясының есептелуі	10.04. 2020ж.	
9. Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі	30.04. 2020ж.	
10. Есептеу бөлімі	10.05. 2020ж.	
11. Экономикалық бөлім	10.05. 2020ж.	
12. Финанстық жоспар	10.05. 2020ж.	
13. Қорытынды	20.05.2020ж.	

Тапсырманың берілген уақыты «10» ақпан 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Темырканова Эльвира Кадылбековна
(қолы) (Т.А.Ж.)

Жобаның
Ғылыми жетекшісі_____ Касимов Абдуразак Оразгелдиевич
(қолы) (Т.А.Ж.)

Орындалатын тапсырманы
қабылдаған студент _____ Гадилбеков Жасулан Ерланович
(қолы) (Т.А.Ж.)

Мазмұны:

Кіріспе 7
1 Нысанаға өлшеу жүргізу техникаларына шолу 9
1.1 Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы 9
1.2 Қазақстанда GSM байланыс тарихы 10
1.3 Еліміздің темір жол саласында GSM R стандартты желі құру принципін қарастыру 11
1.4 Жеке жылжымалы радиобайланыс 12
1.5 Жеке радиошақыру жүйелері 17
1.6 Мәселені қоюді негіздеу 22
2 Байланыс техникасындағы өлшеулер әдістемесі 23
2.1 Ұялы байланыс жүйелерінің принциптері 23
2.2 GSM жүйесінің архитектурасы 25
2.3 Сымсыз байланыстағы арналарды бөлу принциптері 27
2.4 TDMA кадрларының құрылымы 29
2.5 TDMA кадрлері 30
2.5 Ақпарат таралуінің уақыттық озуі (Timing Advance - TA) 32
2.6 TDMA циклиндегі қорғаныс аралықтары 33
2.7 Технологияның қысқаша салыстырылуы 33
3 Өлшеулерді жүргізуге ұсынылатын әдістер 35
3.1 Ұялы желісінің сапалы параметрлерін есептеу және трафиктегі арна санын анықтау 35
3.2 Трасса шығындарын есептеу және қуат балансын анықтау 38
3.3 Электроқанықтыру базалық станциясының есептелуі 43
3.4 Ұялы байланыс желісінің сенімділігін есептеу 44
4 Өміртіршілік қауіпсіздік бөлімі 49
4.1 Жұмыс жағдайын талдау 49
4.2 Есептеу бөлімі 55
5 Бизнес жоспар 58
5.1 Жобаның мәні 58
5.2 Жобаның сипаттамасы 59
5.3 Маркетинг 59
5.4 Финанстық жоспар 59
5.6 Компанияның табысы 63
5.7 Өтімділік мерзімін есептеу 65
Қорытынды 67
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: 68
Қосымша 70

Аңдатпа

TDMA стандарты әр тұтынушыға, қысқа уақыт периодында жиілік аралығына толық рұқсат етіледі (GSM жүйесінде бір жиілік аралығы 8 уақыттық слотқа бөлінеді. Қазіргі таңда TDMA технологиясы ұялы байланыс желісінде үстемдік етуде. GSM, TDMA (ANSI-136), PDC жүйесі спутниктік байланыс жүйесінде қолданылады. Сондықтан бұл жұмытста TDMA әдісі бойынша Алматы 1 станциясында ұялы байланысты ұйымдастыру бойынша негізгі параметрлерді есептеу қарастырылды. Сонымен қатар өміртіршілік қауіпсіздігі мен экономикалық қаржыландыру есептелінді.

Аннотация

Стандарт TDMA позволяет каждому потребителю в кратчайший период времени полностью разрешать частотный интервал (в системе GSM один частотный интервал делится на 8 временных слотов). В настоящее время технология TDMA доминирует в сети сотовой связи. Система GSM, TDMA (ANSI-136), PDC используется в системе спутниковой связи. В связи с этим, по методу TDMA предусматривается расчет основных параметров организации сотовой связи на станции Алматы 1. Кроме того, рассчитаны безопасность жизнедеятельности и экономическое финансирование.

Annotation

The TDMA standard allows each consumer to fully resolve the frequency range in the shortest period of time (in the GSM system, one frequency range is divided into 8 time slots). Currently, TDMA technology dominates the cellular network. GSM, TDMA (ANSI-136), and PDC systems are used in satellite communications. In this regard, the TDMA method provides for the calculation of the main parameters of the organization of cellular communication at the Almaty 1 station. In addition, life safety and economic financing are calculated.

Кіріспе

Қазіргі кезде экономикалық қатынастарды глобализациялау жағдайларында глобальді роумингті және мәліметтерді таратудың жоғары жылдамдықты қызметті ұсынуды қамтамасыз ететін жаңа технологиялық негізге байланыс қызметін аударуды қажет ететін әлемдік ақпараттық ағындар интенсивті қызмет атқаруда

Қазіргі уақытта GSM Қазақстан/Kcell GSM-900/1800 стандартындағы ұялы байланыс қызметтерін ұсынатын ұялы байланыс операторы. Компания міндеті – ұялы байланысты Қазақстан тұрғындарына қолжетімді ету, өзінің абоненттеріне барынша көп пайда әкеліп, әрі ең жоғары сапалы байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету.

GSM Қазақстан компаниясы 1998 жылы құрылып, 1999 жылдың ақпанында Kcell сауда белгісімен ұялы байланыс қызметтерін көрсете бастады, сол жылдың қыркүйегінде нарыққа Activ ұялы бренді шығарылды. Жақсы жоспарланған маркетингтік стратегияның арқасында 2000 жылдың басында компанияның абоненттік базасы 100 000 адамнан асып, сол жылдың аяғына қарай екі есе көбейді. Бүгінгі таңда компанияның абоненттік базасы 7 миллион адамнан асады.

Алғашқы сәттен бастап GSM Қазақстан/Kcell Қазақстанның ұялы байланыс нарығы дамуының бағыттары мен үрдістерін анықтаушы ролін атқарып келеді. Компанияның ұялы байланыс нарығындағы белсенді әрекеттерінің арқасында алғаш рет GPRS/EDGE технологиясы пайда болды, тұтастай ел аумағындағы миллиондаған абоненттер Ұтқыр Интернет, WAP, MMS сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндік алды. Қазіргі уақытта компания үшінші буынды байланыс – 3G енгізуге белсенді дайындық жүргізуде, ол компания абоненттеріне Бейнеқоңыраулар мен Ұтқыр телевизия сияқты революциялық қызметтерді пайдалануға мүмкіндік береді. GSM стандартында TDMA қолданылады, бұл бір тасушы жиілікте бір уақытта 8 дыбыстық арнаны орналастыруға мүмкіндік береді. Дыбыс түрлендіруші құрылғы ретінде тұрақты импульстік қозуы бар және жылдамдығы 13 кбит/с болып келетін RPE – LTP дыбыстық кодегі қолданылады. TDMA әдісі – уақыт бойынша байланыс арналарын бөлетін көп реттік жеткізу, жиіліктік әр арна пайдаланушылар арасында уақыт бойынша бөлінеді. Оның жалпы қамту аумағы жеке базалық станциялардың қамту аумағымен анықталатын ұяшықтарға бөлінген. Ұяшықтар бір-бірін көмкеріп, желі құрайды. Тегіс және ашық жердегі қамту аумағының базалық станциялары шеңбер пішінді болып келеді, сондықтан олардан құралған желі алты бұрышты ұяшықтардан құралған бал арасының ұяшығына ұқсас болып келеді. Желі бірдей жиілікте жұмыс істейтін, кеңістікте таралатын қабылдағыш-таратқыштардан, қозғалыстағы абоненттердің орнын алдын ала анықтау және оның бір қабылдағыш-таратқыштың қызмет көрсету аумағынан басқа қызмет көрсету аумағына ауысу кезіндегі байланыстың үзіліссіздігін қамтамасыз ететін коммутаторлық жабдықтардан тұрады.

GSM стандартының жүйелерінде арналардыжиілік бойынша бөлу әдісі қолданылады. (124 жиіліктік арна, бір 25 МГц жиілік енінде). Әр жиіліктік арна TDMA әдісі бойынша,8 рет уақыттық тығыздауға ұшырайды.

TDMA - байланыс арнасын уақыттық бөлумен көп реттік жеткізу.

TDMA әдісі – уақыт бойынша байланыс арналарын бөлетін көп реттік жеткізу, жиіліктік әр арна пайдаланушылар арасында уақыт бойынша бөлінеді. Жиіліктік арна кезекпен бірнеше пайдаланушыларға белгілі бір уақыт аралығына беріледі, яғни іске асырылады, мысалы, бір жиілікте бірнеше физикалық арналар.

TDMA стандарты әр тұтынушыға, қысқа уақыт периодында жиілік аралығына толық рұқсат етіледі (GSM жүйесінде бір жиілік аралығы 8 уақыттық слотқа бөлінеді. Қазіргі таңда TDMA технологиясы ұялы байланыс желісінде үстемдік етуде. GSM, TDMA (ANSI-136), PDC жүйесі спутниктік байланыс жүйесінде қолданылады.

Бұл дипломдық жобаның негізгі мақсаты осы TDMA әдісі бойынша Алматы 1 станциясында ұялы байланысты ұйымдастыру бойынша негізгі параметрлерді есептеу.

1 Нысанаға өлшеу жүргізу техникаларына шолу

1.1 Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы

Алматы 1 станциясының сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау қызметтерінің негізгі тапсырмалары:

– сигнал беру және байланыс қашықтық жұмыстарын ұйымдастыру;

– пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүйелер мен құрылғылардың орнықты жұмысын ұйымдастыру;

– жолдық автоматты және жартылай автоматты блокадалау, электржезлді жүйелерді, автоматты локомотивті сигналдау жүйесін;

– бағдарлы көрсеткіштер мен сигналдарды электрлі орталықтандыру;

– пойыздар қозғалысын диспетчерлік орталықтандыру және диспетчерлік бақылау;

– бағдарлы көрсеткіштер мен сигналдардың түйінді байланыстылығы;

– станциялық блокадалау;

– сұрыпталатын төбешіктерді механикаландыру және автоматтандыру;

– автоматты өткелді сигнал беру және автоматты шлагбаумдар жүйесі;

– жылжымалы құрамдарды жолдық бөгеттеу және автоматты түрде бекіту;

– жылжымалы құрамдардың жүруінде бақылау-габаритті және бақылау жүйелері;

– сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау желілері;

– тежеуді автоматты басқару (жолды);

– қызып кеткен буксаны автоматты түрде табу, пойыздардың жақындағаны туралы хабарлаудың автоматты жүйесі;

– сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құрылғыларының жұмысының сенімділігін арттыру, олардың тиімділігі және үнемділігі бойынша шаралар жүргізу;

– ведомтсвоға бағынышты темір жол бөлімшелерде, қызметтерде бірыңғай техникалық саясат жүргізу;

– сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құралдарын қолдану сұрақтары бойынша басқа да темір жол қызметтерімен, кәсіпорындарымен және ұйымдарсен тиімді өзара әрекеттесу;

– алдыңғы қатарлы технологиялар мен озық тәжірибелерді, ғылыми-техникалық үрдіс жетістіктерін енгізу негізінде сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау бөлімшелерінің өндірістік қуатын нығайту және дамыту;

– жүзеге асырылып тұрған сигнал беру, орталықтандыру және блокадалауқұрылғыларының техникалық құжаттамаларына талдау және өзгерістерді бекіту;

– сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау құрылғыларды жөндеу мен жаңалау және оларды тиімді қолдану шараларды жасау, пайдаланылған жұмыстардың сапасын арттыруға бағытталған техникалық шараларды енгізуді жүзеге асыру;

– сигнал беру және байланыс қашықтықтың материалды-техникалық базасын дамыту және нығайту бойынша шараларды дайындау және жүзеге асыру, соның ішінде жаңа темір жол желілерін және екінші жолдарды тұрғызу, жаңа техниканы енгізу;

– сигнал беру және байланыс қашықтықтарда еңбекті ұйымдастыру және машықтандыруда прогрессивті түрлерді кеңінен енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

1.2 Қазақстанда GSM байланыс тарихы

Мобильді байланыс бізге байланыс түрлерін қолдануда кеңшілік жаратты: ұялы телефон жұмыс істеп тұратын кез келген жерден кез келген адаммен байланысуға, сондай-ақ, бизнесті басқаруға, әр түрлі жұмыс мәселелерін шешуге болады. Ақпаратты алмасу жылдамдығына орай еңбек өнімділігі айтарлықтай ұлғая түсті. Байланыс пен мобильді ғаламтор бар жерде ақпаратқа жедел қол жеткізу әлемді күрт өзгертті. Енді ондағы ең маңыздысы – ақпаратты іздеу мен қолға түсірудің жылдамдығы. Қазіргі уақытта елімізідң немесе дүние жүзінің кез келген жеріне барған кезде, өз жақындарыңмен, жұмысыңмен, бизнесіңмен байланыста болу әдетті машаққа айналды. Алайда, бұл үнемі болып тұрған іс емес.

1999 жылы ақпан айында «Кселл» Алматы қаласында өз жұмысын бір кеңсе, 50 қызметкер мен жиырмаға жуық базалық бекеттен бастаған. Бүгінгі күні компания желісі 5100 елді мекенді қамтиды. Ауылды жерде бұл – халқының саны 1 мыңнан асатын ауылдар. Қызмет көрсету орталықтары 18 қалада жұмыс істеп, 1500 адам тікелей жұмыс орнымен қамтылған, бұған қоса, біздің компанияға қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындарда бірнеше мың адам жұмысқа орнатылған.

14,3* млн адам немесе ҚР халқының 84% «Кселл» абоненттері болып табылады. 5 миллионнан аса** адам ғаламторға «Кселл» желісі арқылы ұялы телефондарынан шығады. 15 жыл ішінде компания абоненттері 100 миллиард минут сөйлесіп, 22 миллиард смс хабар жіберіп, 26 миллион Гб деректер жіберді. Сонымен бірге, компания желісінде деректерді тарату жылдамдығы 560 есе рет арта түсті: 2G желісінде 9,6 Кбит/сек бастап 3G HSPA DC желісінде 42 Мбит/сек дейін.

Ұялы байланыс көрсетілетін қызметтерге тарифтері төмендей беретін Қазақстан экономикасының жалғыз саласы болып келеді: «Кселл» желісінде бір минуттың орта бағасы соңғы 12 жылда 9 есе рет төмендеп, қазіргі уақытта 4,7 теңгені құрайды*. 15 жыл ішінде ұялы байланыс ондаған мыңдар өмірді сақтап қалды, жүздеген қылмыстарды ашуға көмектесті, көптеген отбасыларды сақтап, миллиондаған қазақстандықтың тағдырларын қосты. Егер 1999 адамдардың көбі кәдімгі сағаттың оятарына оянған болса, 2014

жылы бізді ұялы телефондарымыз оятады. Қазіргі кезде адам ұйықтар алдында ұялы телефонына қарап, оянған кезде де алдымен сол затқа қолын созады.

1.3 Еліміздің темір жол саласында GSM R стандартты желі құру принципін қарастыру

Адамзаттың қазіргі даму кезеңі - инфокоммуникациялық алмасу қарқындылығының артуымен сипатталады. Инфрокоммуникациялық қызметтерге деген сұраныстың артуы қашықтан виртуалді байланыстар көмегімен іс-әрекетті тиімді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Еліміз қазіргі кезде байланыс саласының әр-алуандығымен ерекшеленеді. Мысалы, жылжымалы радиобайланыс саласы жаңа қызмет түрлерін өндіруде, олардың қолжетімділігін арттыруда атқарылып жатқан жұмыстар үнемі дамуда. Мұнымен қоса, кез келген оператор желісінде абоненттер санының артуы байқалуда.

Толыққанды коммуникациялық қоғам құру және әлемдік ақпараттық қауымдастыққа тең құқылы ену үшін, ұлттық экономиканың ірі саласының бірі темір жолды да алдыңғы қатарлы технологиялармен дамыту қажет. Бұл салада соңғы жиырма жылдықта көптеген оң өзгерістер байқалуда.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының соңында, темір жол байланысын ұйымдастыруда күрделі жағдай туындады. Мысалы, Еуропаның ең ірі дамыған темір жол компанияларында бір уақытта сегіз жүйе қатар жұмыс істеді: диспетчерлердің машинистер бригадасымен, контроллермен, маневрлі тепловоздармен байланысы үшін, телеметрияны жүргізу, сигналдарды тасымалдау және т.б. Жүйелердің көптігі өз кезегінде бақылау мен басқару үрдістерін күрделендірді. Осы мәселені шешу мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды. Бірқатар сынақ жобалары мен бірнеше технологияларды салыстыру нәтижесінде темір жолдардың қажеттілігіне қарай өзгерістерге ұшыраған GSM стандарты таңдалды. Бұл стандарт GSM-R (GSM-Railway - темір жол көліктері үшін GSM стандарты) деп аталды.

GSM-R технологиясы поезд және маневрлік радиобайланысты жаңа, қуатты және унификациялы, цифрлы жүйелік платформаға алмастыруға мүмкіндік береді. Аталған стандарт қызмет көрсетілетін аймақтың оңтайлы жамылуын, жоғары эксплуатациялық әзірлікті және сенімділікті, жоғары жиілікте поездармен ақпарат алмасу үшін интеграцияланған алгоритмдерді іске асырады. GSM-R технологиясын темір жолға ендіру нәтижесінде темір жол тасымалдарының тиімділігі артады.

Радиобайланыстың GSM-R технологиялы цифрлық желісі ақпарат алмасуды ықшамды ететін, абоненттерге қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздік дәрежесін арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар артықшылықтарға ие. Нәтижесінде, ол зияткерлік функцияларды іскеасырады, телефон байланысы мен деректер тасымалдау қызметінің көп бөлігін қолдайды. Жеке алғанда, топтық және кең ауқымды шақыру,

шақырулар басымдылығы, басымдылығы жоғары шақыру кезінде (мысалы төтенше жағдайларда) сөйлесімдерді кідірту сияқты мүмкіншіліктер темір жол көлігіндегі қауіпсіздікті арттырады. Оған функциональды адрестеу жабдықтары кіреді, мұнда функциональды бірліктер (локомотив машинистері, жол серік және т.б.) нақты абоненттік номерге тәуелсіз шақырылуы мүмкін.

GSM-R стандарты радиобайланыстың бірнеше параллель желілерін қолдануды керексіз етіп, әртүрлі қызметтерді интеграциялайды және аналогты желілерге тән күрделі құрылымды керексіз етеді. Жаңа жоғары жылдамдықты эквалайзерді қолдану есебінен жылжымалы құрамның жылдамдығы 350 км/сағ болғанда машинистің диспетчермен үздіксіз байланысы іске асырылады. Ал, зертханалық зерттеулер нәтижесі байланысты 500 км/сағ жылдамдықтарда да дұрыс іске асыруды қамтамасыз ететіндігін көрсетуде. Осылайша, осы технология аса жоғары жылдамдықты поездарды жасау жолындағы негізгі тосқауылдардың бірін жояды. Бірақ GSM-R технологиясы телефон байланысымен ғана шектелмейді. GSM сияқты бұл технология GPRS технологиясымен пакеттік коммутация негізінде нақты уақыт жағдайында кез келген локомотивтан, кез келген станциядан немесе жол жағасынан телеметрикалық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Поездың жылдамдығы мен оның орны туралы ақпарат GSM-R желісі бойынша басқару орталығына беріледі. Осылайша поездар қозғалысын реттеу үрдісі толығымен автоматтандырылады. Аталған стандартты темір жол саласына ендіру жолаушылар тасымалдау кешенінде поездарының қауіпсіздігін арттырады. Мысалы, техникалық қызмет көрсету, маневрлік жұмыстарға жұмсалатын уақыт шығындарын және т.б. айтарлықтай қысқартылады.

1.4 Жеке жылжымалы радиобайланыс

Сымсыз телефондағы, азаматтық және кәсіби ауқымдағы жеке жылжымалы радиобайланыс. Соңғы жылдары телекоммуникациялық радиожүйелердің дамуы көшкін түрінде болады. Әсіресе бұл жылжымалы жүйелерге қатысты. Қазір кең таралым алған әлемде арналарды уақыттық, жиіліктік және кодтық бөлудегі мобильді жүйелер эксплуатацияланады (ұялы байланыстың AMPS, GSM, CDMA, транкингтік EDACS, MPT1327 және басқа стандарттар). Және де жылжымалы телекоммуникациялық радиожүйелер қызметінің пайдаланушылары әрдайым өсіп жатыр. Бұл пайдаланушылық терминалдың және қызмет ету тарифтер бағасының күрт өсуімен байланысты.

Бірақ, бұл жүйелер бір-бірімен сәйкес келмейді және пайдаланушы әр түрлі терминалдарды қолдануға міндетті (ұялық, пикоұялық DECT, транкингтік, спутниктік, пейджер). Сонымен қатар глобалдық роумингі қамтамас ете алмайтын әр түрлі мемлекеттерде әр түрлі сымсыз радиобайланыс стандарттары қолданылады.

Сымсыз байланыс жүйелері келесі белгілер бойынша классификацияланады:

а) ұрпақ бойынша:

– бірінші ұрпақтық аналогтық;
– екінші ұрпақтық сандық;
– үшінші ұрпақтық әмбебап;
– төртінші ұрпақты кеңжолақты мультимедиалық.

б) тағайындауы бойынша:

– ұялық;
– пикоұялық (сымсыз телефондық);
– транкингтік;
– спутниктік;
– оптикалық;
– пейджингтік.

в) көпстанциялық рұқсат ету әдістері бойынша:

– арналады жиіліктік бөлу арқылы FDMA;
– арналарды уақыттық бөлу арқылы TDMA;
– арналарды кодтық бөлу арқылы CDMA;
– қиыстырылғандар.

г) байланыс каналының ұйымдастыру әдісі бойынша:

– симплекстік;
– дуплекстік;
– жартылайдуплекстік.

Барлық технологияларды бір терминалда сыйстыру үшін 1998-1999 жылы жасалынған жаңа әмбебап мобильді телекоммуникациялық жүйелер стандарты (UMTS) қолданылады.

UMTS (Universal Mobile Telecommunications System) концепциясы қазіргі кезде 3-ші дәуірлі жылжымалы телекоммуникациондық радиожүйесінің пайда болу шегіндегі іске асады. Бір диапазоннан екінші диапазонға өту, стандарттан стандартқа өту немесе серікті арнадан ұялы арнаға өту мүмкіншілігі абонентке өзіне ыңғайлы келетін қызмет түрін таңдауға мүмкіншілік береді. Сондықтан UMTS терминалдар бірнеше стнадарттарда жұмыс істейтін, көпрежимді болып келеді.

GSM сияқты UMTS-ке және басқа да сымсыз байланыс жүйелеріне қосылу мүмкіншілігі бар көпрежимді абоненттік аппараттар UMTS абоненттеріне UMTS қызметтерге қосылу мүмкіншілігі болмаған жерледе GSM стандартты ұялы байланысқа қосылу мүмкіншілігін сақтайды.

Транкингтік жүйесінің ерекше айырмашылығы бұл – бір-бірімен ортақ басқару шина көмегімен байланысқан, бірнеше ретранслятордан тұратын ретрансляциондық пункттің ортақ жиіліктік ресурсына қосылу мүмкіншілігін ұйымдастыруы арқылы жиілік жолағын эффективті түрде пайдалану мүмкіншілігі болып табылады. Транкингтік жүйесінің икемді архитектурасы жеке, әрі бірнеше абоненттердің немесе барлық абоненттердің

шақыуларын өткізуге мүмкіншілік береді. Мұндай жүйелерде сәулеленуде станция жұмысы үзіліссіз емес, тек эфирдің аса жүктелуін азайтатын радиотелефонның тангентік басқанда ғана іске асады.

Бірақ бірінші дәуірлі профессионалды транкингтік жүйесінің желілері жоғары құпиялыққа жауап бере алмайды және абоненттік құрылғылардың идентификациясын, абонентердің аутентификациясын қамтамасыз ете алмайды. Бұл тапсырмалар бір-біріне сәйкес келмейтін аналогты стандарттардың үлкен санының онын баса алатын, екінші дәуірлі (APCO, TETRA) профессионалды байланыстың цифрлық жүйелерінде шешілген. TETRA-ға байланыс протоколдары ерекше болатын және түрлі жиілік диапазондарда жүйені минималды шығынымен іске асыра алатын универсалды техникалық шешімдер кіргізілген. Сонымен бірге, TETRA техникалық мүмкіншіліктерді көбейтудегі саласының мүмкіншіліктерін қамтамасыз етеді. Бірінші дәуірлі (Inmarsat -A стандартты) сымсыз серіктік жер станциялары негізінен үлкен орталық станциялары бар, радиалды-түйінді корпаративті желілерді істеу үшін арналған. Мобильді серіктік байланыста революциялық түрлендірулер 90-шы жылдарда болды.Олар келесі үш фактормен шартталған: космостық программалардың коммерциализациясымен, төмен және орташа орбиталарды қолданумен, цифрлық сигналдық поцессорлардың қолдануы арқылы цифрлық байланысқа өтумен. Нәтижесінде төменгі орбиталарда (Iridium, Globalstar), орташа биік (ICO) орбиталарда серіктік байланыстың глобальды жүйелердің бірнеше жобалары іске асырылды, және екі регионалды жүйелер (Aces и Thuraya).

Транкинг – бұл көптеген абоненттердің шектелген арналар санына еркін қосылу мүмкіншілігінің тәсілі. Қандай-да бір уақытта барлық абонентте белсенді болмағандықтан, керекті арналар саны жалпы абонентер санынан неғұрлым аз. Мысалы, арналар саны 5 болғанд (4 сөйлеу арнасы және 1 басқару арнасы), транкингтік жүйе 300 абоненттке қызмет көрсете алады.

Ұялы жүйелермен салыстырғанда транкингтік радиожүйелерінің артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

– шақырулардың икемді жүйесі – индивидуалды, топтық және басқалар;

– нөмерлеудің икемді жүйесі – екімәнділерден бастап топтық дыбыс нөмерлеріне дейін;

– байланысты орнатудың аз уақыты – ұялы жүйеледегі бірнеше секундына қарсы секундтың бір бөлігі;

– экономдау- құрылғылар және оларды пайдалану шығыны бойынша ұялы жүйелерге қарағанда транкингтік радиожүйелер бірнеше есе экономды.

Жылжымалы байланыстың пайда болған сәтінен бастап, мәліметтерді мобильді түрде беру ойы мобильді телефон тұтынушыларына тыныштық берген жоқ. Интернет желісінің қарқынды дамуының басталуымен мәліметтерді мобильді телефонмен беру мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті, дегенмен осы мәселені шешу жолында соңғы уақытқа дейін екі негізгі

кедергі тұрды. Біріншісі GSM жүйесімен танылатын беру жылдамдығының аса қатаң шектеулері болып табылады. Екіншісі мәліметтерді берудің жоғары құны, өйткені ақпаратты осыншалық төмен жылдамдықта беру кезінде абонент көп уақыт қажет етеді. Осы уақыт дауыстық байланыс қызметтері тарифіне жақын тариф бойынша өтелуі қажет. Дәл осы себептермен мәліметтерді беру қызметін қолданатын жылжымалы байланыс абоненттерінің саны үлкен емес. GPRS пакетті түрде мәліметтерді беру жүйесінің пайда болуы қалыртасқан жағдайды түбегейлі өзгертуге негізделген.

Барлық тұтынушыларға өзінің қызметтерін ұсынған, радиотелфонды жүйесінің алғашқы жүйесі. 1946 ж Сент-Луис (АҚШ) қаласында қолданыла бастады. Осы жүйеде қолданылған радиотелефондар қарапайым тіркелген каналдарды пайдаланады. Егер байланыс каналы бос болмаса, онда абонент қолмен басқасына қосылады – босына. Аппаратура біршама ауқымды және қолдануға ыңғайсыз болатын. Радиотелефон байланыс жүйесі 80 жылдардан бері әрекет етіп келе жатқан елдерде, қолданыста бірінші буынның аналогты жүйелері жүр, олардың қатарына NMT-450(Еуропа) мен AMPS (Солтүстік Америка) жатқызылады. Олардың кең таралуы, қазіргі күні оларға жұмыс үшін бөлінген жиілік жолақтарымен шектелген, оған қоса, олар сөздік белгілерді таратуда жоғаы сапалы тасымалды қамтамасыз ете алмайды және жылжымалы абоненттерге, соңғы жылдары күнделікті тіргшілікке енген қызмет түрлерін де ұсына алмайды. Оның үстіне, үлкен каналдарда аналогты желілердің сыйымдылығы жоғары болып шықты. Бұл өндіруші фирмалардың алдына жылжымалы байланысты ұйымдастыруда анағқрлым жетілдірілген тәсілдерді ойлап табу мәселесін қойды.

Әлемде CDMA кодты бөлінген каналды ұялы байланыстың дамуы (Code Division Multiple Access) үлкен қарқында жүруде. Үлкен қолданысқа

IS-95(800МГц) және CDMA PSC(1900 МГц) стандарттары ие болды. 2000 жылдың мамыр айында 43 елде CDMA-ды тұтынушылар саны 57 миллион абонент болды, ол 1999 жылдың мамырнан бастап тұтынушылар саны екі еселенеді. Тарих жағынан қарағанда, CDMA Оңтүстік және Солтүстік Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияда кең таралған. CDMA Қытайда федералды стандарт болып қабылданғаннан кейін, бұл стандарттың біщдің жер шарымызда ең басты болатындығына еш күмән қалған жоқ.

Байланыс – қазіргі заман қоғамының инфрақұрылым саласының ең бүкіл әлем масштабтағы эволюциясымен байланысқан – «индустриялдықтан», «ақпараттыққа» дейін динамикалық дамушысы болып табылады.

Бірінші болып мәліметтерді жіберу жылдамдығының шектеулілігі GSM жүйесінмен қойылатын, ал ол қазіргі максималды 9,6 кбит/с жылдамдықты қамтамасыз етеді, базалық беттегі жеке модульдерді ауыстыру арқылы оны 14,4 кбит/с жеткізуге болады. Екінші мәселе, мәліметтерді ұялы түрде жіберу бағасының қымбат болуы, себебі ақпаратты төменгі жылдамдыққа жіберу барысында абонентке үлкен көлемдегі уақыт қажет, ал оны дыбыстық

байланысқа жақын тарифте төлеу керек. Сол себепті, ұялы байланыс қолданушылар саны, осындай мәлеметтерді жіберу қызметін қолданылатын саны аз.

Қазіргі ұялы радиотелефон – соңғы ғылыми техникалық жетістіктері жүзеге асырылған өте күрделі әрі дамыған құрал. Төменде мысал ретінде FDMA және TDMA комбинацияларының негізінде пайда болған. GSM стандарты қарастырылған. Бұл стандарт ТМД елдерінде кең қолданысқа ие, себебі жеке байланыстың әмбебап жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Байланыста пайда болған жаңа технологиялық және ғылыми жаңалықтарды ашу барысында 1980 жылдың аяғында байланыс желісі сандық тәсілдерге негізделген жаңа дәуірге қадам жасады. 1982 жылы диапазоны 900МГц европалық стандартқа сәйкес байланыс желісі жасалды. Европалық әкімшілік почта және электрожүйелер конференциясы (CEPT) 26 елді біріктіріп, арнайы топ құрды (Group Special Mobile). GSM аббревиатурасы жаңа стандарттың аты болды (кейіннен бұл байланыстың дүниежүзі бойынша кең таралуына байланысты GSM-ді Global System for Mobile Communications деп атайтын болды). Бұл топтың жұмыс нәтижесі – 1990 жылы GSM стандартына сай бірнеше стандартдың пайда болуы. Мұнда жетекші нәтижесі ғылыми-техникалық орталықтардың соңғы жаңалықтары енгізілген. Оларға каналдарды уақытша бөлу, хаттарды шифрлау және абонент туралы мәліметтерді қорғау, блоктік және орамды кодтауды қолдану мен модуляцияның жаңа түрі OMSK (Gaussian Minimum Shift Keying) кіреді.

GSM техникалық негіздемесінің пайда болуына дейін бір жыл бұрын 1989 жылы британдық сауда және өнеркәсіп Департаменті DTI (Department of Trade and Industry) «жылжымалы телефондар» атты концепциясы жария етті. Бұл концепция бірнеше өзгертулер мен толықтырулардан «Жеке байланыс желілері» деген атқа ие болды – PCN (Personal Communication Networks). Осы концепцияны жүзеге асырудың негізгі мақсаты – жылжымалы радиобайланыс рыногындағы негізгі қатысушыларының арасында бәсекелестік тұғызып, 2000 жылға қарай ел абоненттерінің 15% пайызын иемденді.

Жеке байлланыс қызметтері PCS (Personal Communication Services) концепциясымен Европадан Америка да қалмады. Ал оның мақсаты – 2000 жылға қарай елдің тұрғындарының 50% на қол жеткізу. Бұл концепциясы жүзеге асыру үшін АҚШ-тың байланыстар туралы Федералды комиссиясы 1.9-2.0 диапазоны аралығында (кең жолақты PCS) үш жиілікті аймақты бөлді және 900МГц диапазонындағы бір аймақ (тар жолақты PCS) берілді.

1990 жылы TIA (Telecommunications Industry Association) Америка өндірістік ассоциациясы IS-54 сандық ұялы байланысының ұлттық стандартын орнатты. Бұл стандарт D-AMPS немесе ADS деген аббревиатуралармен белгілі болды. Европаға қарағанда Америкада жаңа жиіліктік диапазондар бөлінген жоқ, сондықтан жүйе бәріне бір AMPS стандартына сәйкес жолақта жұмыс жасау керек еді. Осы уақытта

американдық Qualcomm компаниясы шу тәрізді сигналдар мен каналдарды кодпен бөлуге негізделген (Come Division Multiple Access) ұялы байланыстың жаңа стандартымен қарқынды жұмыс жасайды.

1991 жылы Европада GSM стандартының негізінде жасалған DCS-1800 (Digital Cellular System 1800МГц) стандарты пайда болды. Ұлыбритания жоғарыда айтылған PCN концепциясын жүзеге асыру үшін оны негізі ретінде алды. Бұл осы стандарттың бүкіл дүниежүзі бойынша жасайтын жеңімпаз қадамдарының алғашқысы болды.

Ұялы байланысты дамытуда АҚШ пен Европадан Жапония да алыс кеткен жоқ. Бұл елде ұялы байланыстың өзіндік стандарты жасалды JDS(Japanese Digitls Cellular). Ол өз көрсеткіштері бойынша американың D-AMPS стандартына ұқсас. JDS стандартын Жапонияның почта мен байланыстар Министрлігімен 1991 жылы мақұлданды.

1992 жылы Германияда алғаш рет коммерциялық қолданысқа GSM стандартына сәйкес ұялы байланыстың бірінші жүйесі енді.

1993 жылы АҚШ-та бірнеше сәтті тәжірибелерден кейін TIA байланыс бойынша өндірістік ассоциациясы CDMA стандартын ішкі сандық ұялы байланыс ретінде қабылдап, оны IS-95 деп атады. 1995 жылы қыркүйегінде Гонконг қаласында IS-95 стандартының алғашқы коммерциялық қолданысқа енуі басталды.

1993 жылы Ұлыбританияда DCS-1800 алғашқы желісі қолданысқа енді, сол кездің өзінде бұл желінің 500 мыңнан астам абоненттері болған.

Аз ғана уақыт бұрын GSM-400 атауын естіген көпшілік тек таң қалумен болатын, себебі барлық ұялы байланыстар гигогерц диапазондарын игеріп жатқанда, 400МГц жиілікте жұмыс істеуі мүмкін емес болып көрінді. GSM-ның төменгі жиілікті тұжырымы жайлы тек 1999 жылдың көктемінде, NMT стандартының ең ірі өндірушілері Ericsson мен Nokia ETSI институтының жұмысын қолдауымен желілерде GSM 400МГц-тік диапазонды қолданып, глобальді стандартқа айналдырғанда ғана айтыла бастады. Алғашқыда болашақ стандарт үшін GSM-450 атауы дайындалған, бірақ 1999 жылдың күзінде жаңа стандарттың бүтін қолданысқа арналғанын көрсету үшін GSM-400 деген атауға ауыстырылды. ETSI шығарған GSM-99 құжатында жаңа типті желілер үшін сертификация бекітілген.

1.5 Жеке радиошақыру жүйелері

Кіретін хабарлар қолмен немесе мекемелік АТС операторы арқылы бағытталады,және тарату дереу іске асырылады. Басқа жағынан, жеке созылған пейджингтік жүйелер, деректерді таратын қандай да бір желіден немесе жалпы пайдаланатын жалғауыш телефондық жүйелерінен шығатын хабалары бар мәліметтердің үлкен жүктемесін жүргізе алады. Бұл хабарлар кезекке тұрып, содан кейін таратылады. Созылған аумақты жабу үшін үлкен немесе орта қуатты таратқыштардың үлкен санын қолдануға болады.

Пейджинг жүйелері біржақты радиотелефон байланысының құралы болып табылады және бұрыннан танымал, әрі жақында ғана жеке

радиошақырулар жүйесінің таратылған нұсқасы болды. Казір олар радиотелефондардың біріншілігіне жол беріп тұр.

Жеке радиошақыралар жүйесі шағын қабылдағыштары бар радиоарналармен байланысқан орталық қабылдап-таратушы радиоаппаратурадан (жалпы жағдайда – қабылдап-таратушы құрылғыдан тұрады, олар жүйе абоненттеріне жекелеп тіркелген. Осындай қабылдағышы бар абонент оны кезекті режімде ұстайды; орталық пульттен шақыру түскен кезде діріл немесе дыбыстық сигнал шығады, ол абоненттің назарын аударады. Абонент қабылдағышты жұмыстық режімге қосып және тыңдайды немесе шағын дисплейде соған жіберілген хабарды тыңдайды немесе қарап шығады (1.1 - сурет).

Жеке радиошақырулар жүйесі өңірлік немесе локальды болып табылады.

Локальді жүйелер бір кәсіпорынның немесе ұйымның аумағында қолданылады және, әдетте, төменжиілікті радиоарналар пайдаланылады (осы жағдайда антенна аумақтың сыртында радиобөгеуілдерді жасамайтын, кәсіпорын аумағын ғана қамтитын ілмелі дірілді өздігінен анықтайды). Төменжиілікті (10-40 кГц) радиоіздеуіш жүйелерде ақпаратты тарату тек біржақты болады; орталық пульттен абонентке.



1.1 сурет - GSM желісінің құрылымдық сұлбасы

Осындай жүйелердің мысалы болып, өзіміздің «Поиск» жүйесі абонентке, «Связь» 90 абонентке қызмет көрсетеді; бір квадрат километрге дейін аумақты қамтиды.

Өңірлік жүйелер бірнеше ондаған және жүздеген мегагерц ауқымында жұмыс істейтін жоғарыжиілікті арналарды қолданады, және едәуір үлкен аумақтарды қамтиды. Жоғарыжиілікті жүйелер екіжақты болып табылады (радиотелефон байланысының аналогы), бірақ жиі біржақты болады.

Жеке радиошақырулардың өңірлік жүйесінің көпшілік дамуы байланыстың пейджинг жүйесі түрінде болып, олар пайдалану саласын, жеке айтқанда, локальдық кәсіпорындар мен ұйымдарда нақты кеңейтілді.

Коммутация орталығы HLR мен VLR-ді қолданып жылжымалы станцияларды үнемі тексеріп отырады. HLR-де коммутация орталығына станция шақыруын жеткізуге мүмкіндік беретін жылжымалы станцияның орналасужөнінде ақпараттың бір бөлігі сақталады.

Орналасудың үй регистрінің (HLR) құрамына әрекеттегі жылжымалы абоненттер туралы дерекқор кіреді. Жазылған деректер абонентке жүйе қамтамасыз ететін белгілі негізгі және қосымша қызметтерді қолдануға мүмкіндік береді. Дерекқор құрамында сонымен қатар әр жылжымалы абонент күйі жөнінде роуминг кезінде оған шақыруды жіберуге қажетті ақпарат бар. Жылжымалы абонент бір HLR-ге жазылған және берілген уақыт моментінде аймағында жататын VLR-ге тіркеледі.

HLR регистрінің құрамында жылжымалы абоненттің халықаралық идентификациялық нөмірі (IMSI – International Subscriber Identify) бар. Ол жылжымалы станцуияны аутентификация орталығында (AUC - Authentification Centre) тану үшін қолданылады.

HLR желіде үнемі тіркелген абоненттер жөніндеанықтамалық дерекқор болып табылады. Мұнда абоненттердің айырым нөмірі мен адрестері, сонымен қатар түпнұсқалылықпараметрлері, байланыс қызметтерінің құрамы, маршрутизация туралы арнайы ақпарат бар. Абонент роумингі жөніндегі мәліметтердің, жылжымалы абоненттің уақытша идентификациялық нөмірі (TMSI – Temporary Mobile Subscriber Identify) туралы деректерді қоса тіркеу жүреді.

HLR-дегі деректерге барлық MSC және VLR желілер дистанциялық қатынау жасай алады. Егер желіде бірнеше HLR болса, онда әр HLR абоненттер жөнінде желінің жалпы дерекқорыныңбелгілі бөлігі болып табылады. Абоненттер жөніндегі дерекқорға IMSI немесе MSISDN (ISDN желісіндегі жылжымалы абоненттің нөмірі) нөмірі арқылы жүзеге асырылады. Дерекқорға басқа желілерге жататын MSC және VLR желі аралық роумингті қамтамасыз ету мақсатымен қатынау ала алады.

Жылжымалы станцияның аймақтан аймаққа ауысуын бақылауын қамтамасыз ететін екінші негізгі құрылғы - орналасудың қонақ регистрі VLR. VLR құрамына оның аймағындағы жылжымалы абоненттер, соның ішінде роумерлер (роумер – «роуминг» процедурасының шеңберінде берілген жүйенің қызметтерін уақытша пайдаланатын басқа GSM жүйесінің

абоненттері) жөнінде барлық ақпарат бар абоненттік дерекқор кіреді. VLR-ге жазылған бұл ақпарат жылжымалы абоненттермен байланыс орнату үшін қолданылады. Жылжымалы абоненттер жөніндкегі деректер үш бөлікке бөлінуі мүмкін:

– жалпы деректер (мысалы, жылжымалы станцияның халықаралық идентифткаторы);
– аутентификация деректері;
– шақыруды қайта адрестеу деректері.

Абоненттер жөніндегі бұд деректер жылжымалы абонент бұл VLR-мен бақыланатын аймаққа орын ауыстырғанда әрдайым VLR регистріне жазылады және ол басқа VLR аймағына көшкенде жойылады.

VLR келесі абоненттік адрестерді қолданып жылжымажы абоненттерді танм алады:

– жылжымалы станцияның халықаралық идентифткаторы;
– жылжымалы станцияның роумингтік нөмірі.

VLR көмегіменжылжымалы станцияның HLR-мен бақыланатын аймағының шеңберінде функционалдануы жүзеге асады.

Орын ауыстыру үрдісінде жылжымалы станция базалық станциялар тобын біріктіретін BSC базалық станцияның бір контроллерінің әрекетінің аймағынан басқа BSC әрекетінің аймағына көшкен кезде ол жаңа BSC-пен тіркеледі де, VLR-ге жылжымалы станцияның шақыруларының жеткізілуін қамтамасыз ететін байланыс облысының нөмірі жөнінде ақпарат енгізіледі. Осылайша, VLR-де деректер абонент сол VLR-мен бақыланатын аймақта болғанша сақталады.

GSM жылжымалы байланыс желісінде ұяшықтар географиялық аймақтарға (LA – Location Area) топталады, олардың әрқайсысына жеке идентификациялық нөмір беріледі. Әр VLR бірнеше Laабоненттері жөнінде деректерді сақтайды. Жылжымалы абонент бір LA-дан екіншіге ауысқанда, оның мекені жөнінде деректер VLR автоматты түрде жаңартылады. Сонымен қатар VLR жылжымалы станцияның роумингтік нөмірінің (MSRN – Mobile Station Roaming Number) берілуін қамтамасыз етеді. Жылжымалы станция кіріс шақыруды қабылдағанда, VLR оған MSRN-ді тағайындайды және оны MSC-ге береді, ол бұл шақырудың жылжымалы абоненттің жанында орналасқан базалық станцияға маршрутизациясын қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда VLR жылжымалы абонент жөнінде ол орналасқан аймақ үшін жергілікті дерекқор болып табылады, бұл HLR-ге үнемі сұранымдарды болдырмауға және шақыруларғы қызмет көрсетуге кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді. MSC және VLR элементтері бір блокқа біріктірілген.

EIR (Жабдықты идентификациялау регистрі) құрамына жылжымалы станция жабдығының халықаралық идентификациялық нөмірінің (IMEI – International Mobile Equipment Identify) түпнұсқалылығын растауға арналған орталықтандырылған дерекқор кіреді. Бұл дерекқор тек қана жылжымалы станцияның жабдығына қатысты. EIR регистрі жылжымалы станция

жабдықтарының айырымдарын сақтайды. Бұл ақпаратты қолданып MSC жылжымалы абоненттің жабдықы қолданысқа жіберілді ме әлде оның қолданысына тыйым салында ма екендігін тексере алады. EIR-де жылжымалы станция үш тізімде тіркеледі:

– жылжымалы станцияға қолданысқа жіберілген ақ тізімде;

– тіркелумен проблемасы бар, бірақ қара тізімге көшірілмеген жылжымалы абоненттерге арналған сұр тізімде;

– жылжымалы станцияға қолданысқа тыйым салынған қара тізімде.

Байланыс жүйесінің ресурстарын рұқсат етілмеген қолданудан қорғау үшін аутентификация механизмдері – абонент түпнұсқалылығының куәлігі енгізіледі. Аутентификация орталығы бірнеше блоктардан тұрады және аутентификация кілттері мен алгоритмдерін қалыптастырады. Оның көмегімен абоненттің өкілеттілігі тексеріледі және оның байланыс желісіне қатынауы жүзеге асырылады.

